ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 20 сәуір №207 Астана, Үкімет Үйі

Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы

2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. «Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы №507 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №34, 324-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 20 сәуірдегі №207 қаулысымен бекітілген

Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес әзірленді және шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда қызметі саласында сауда саясатын қалыптастыратын және басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) тауар – сатуға немесе айырбастауға арналған, айналымнан алынбаған кез келген еңбек өнімі;

3) біртекті тауарлар – барлық жағынан бірдей болып табылмайтын, бірақ өздерінің бағаланатын тауарлар сияқты функцияларды орындауына және олармен бірін-бірі коммерциялық тұрғыда алмастыра алатын тауарлар болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрауыштарды тұратын, дәл солдай материалдардан өндірілген тауарлар.

2-тарау. Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау тәртібі

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасына тауарлар импортының серпіні мен құрылымын талдау деректері негізінде Еуразиялық экономикалық одақ сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) алты белгісі деңгейінде жартыжылдықтың қорытындысы бойынша тауарлардың қосымша тізбесін қалыптастырады. Біртекті тауарларды қарастырған жағдайда статистика ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН төрт белгісі деңгейінде қаралуы мүмкін.

4. Қосымша тізбе:

1) ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН кодтарын алты немесе төрт белгі деңгейінде көрсете отырып, бір мезгілде мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін тауарлардан:

қарастырылып отырған кезеңде көрсетілген тауарлардың Қазақстан Республикасына импортының жалпы көлемінен 30% немесе одан астамы белгілі бір елдің үлесіне келетін импорт құрылымындағы тауарлардан, бұл ретте көрсетілген елдерден импорттың құндық көлемі 10 мың АҚШ долларынан артуы тиіс тауарлар;

өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда қарастырылып отырған кезеңде табиғи мәндегі импорт көлемінің ұлғаюын (және/немесе қосымша өлшем бірлігінде) көрсететін тауарлардан;

2) қарастырылып отырған кезеңде көрсетілген тауарлардың Қазақстан Республикасына импортының жалпы көлемінен 30% немесе одан астамы импорт үлесіне келетін елдердің атауларынан тұрады.

5. Қосымша тізбені қалыптастыру кезінде нақты тауар импортына қатысты акцизді қолданудың экономикалық орындылығы және/немесе Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер ескеріледі.

6. Қосымша тізбе жобасы Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына келісу үшін жіберіледі.

7. Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу нәтижелері бойынша қосымша тізімнің жобасы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Ведомствоаралық комиссия) қарауына жіберіледі.

8. Уәкілетті орган ведомствоаралық комиссияның ұсынымдық шешімі болған жағдайда қосымша тізімді бекітеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 20 сәуір №208 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 20 сәуірдегі №208 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Акцияларды (қатысу үлестерін) өткізу күніне заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталы немесе акциялары (қатысу үлестері) құнында жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын (табылған) тұлғалардың (тұлғаның) мүлкінің үлесін айқындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 наурыздағы №332 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., №15, 122-құжат).

2. «Кеден одағына муше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, өткізу жөніндегі айналымдағы кеден одағында қосылған құн салығынан босатылатын тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №1235 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., №2, 20-құжат).

3. «Кеден одағы шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы №1249 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 28-құжат).

4. «Тауарларды қайта өңдеу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы №1261 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., №2, 34-құжат).

5. «Салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге салған мүлкін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешектің, өсімпұлдардың есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы №618 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., №41, 522-құжат).

6. «Қаржылық қамтамасыз етуді қалыптастыру, арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясында немесе дербес кластерлік қорда осындай қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды ұсыну, сондай-ақ қаржылық қамтамасыз ету қаражаты есебінен бюджет шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 наурыздағы №307 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., №35, 473-құжат).

7. «Кеден одағы шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1249 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі №1210 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., №71, 1037-құжат).

8. «Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы №279 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., №22, 359-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1283 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №79, 678-құжат).

10. «Ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желілері бойынша салық қызметі органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №1393 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 83-84, 719-құжат)

11. «Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы №279 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі №214 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 21, 117-құжат);

12. «Қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерларде орналасқан салық төлеушілерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануды қамтамасыз етуге міндетті болатын жекелеген қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1129 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., №77-78-79, 576-құжат).

13. «Салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер бойынша берешектің есебіне өткізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы №618 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 83-84, 605-құжат).

14. «Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы №279 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., № 61-62, 394-құжат).

15. «Кеден одағына муше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, өткізу жөніндегі айналымдағы кеден одағында қосылған құн салығынан босатылатын тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №1235 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №143 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., №11, 67-құжат).

16. «Салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешектің, өсімпұлдардың есебіне өткізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы №618 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 230 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., №16, 112-құжат).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 23 сәуір №213 Астана, Үкімет Үйі

Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. «Мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға ататын) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол сатылған жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуға ататын) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы №1629 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., №10, 203-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 23 сәуірдегі №213 қаулысымен бекітілген

Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 174-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті (бұдан әрі – мүлік) есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану (оның ішінде беру) және өткізу, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті беру тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік кірістер органдары:

1) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдарында (бұдан әрі – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органдар);

2) коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті жергілікті атқарушы органдарда (бұдан әрі – коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органдар);

3) мемлекеттік мекемелерде меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз мүліктің (заттай дәлелдемелерді қоса алғанда) не меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан, белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріске айналдырылған деп танылған заттың болуы, толық және уақтылы берілу мәселелері бойынша;

4) мүлікті сақтау және өткізу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мүлікті сақтауға және өткізуге шарт жасасқан субъектілерді (жеке және заңды тұлғаларды, оның ішінде мемлекеттік органдарды) бақылауды жүзеге асырады.

3. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бақылауды жүзеге асыруды мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері тексерілетін орган өкілінің қатысуымен, жылына бір реттен жиілетпей жүргізеді. Бақылауды жүзеге асыру мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайды, ал бақылау кезеңі бес жылдан аспайды. Бұл ретте бақылауды тағайындаған мемлекеттік кірістер органы бақылауды жүзеге асыру мерзімін елу жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

2-тарау. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органдарда бақылауды жүзеге асыру тәртібі

4. Мүлікті толық және уақтылы есепке қою, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу мәселесі бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органдарда:

1) мүлікті есепке алудың толықтығы мен оның сақталуы;

2) мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісін жасаудың толықтығы мен дұрыстығы;

3) есепке алынған мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актілерін есепке алу кітабын жүргізу тәртібі;

4) түгендеу карточкаларын ашу тәртібі, сондай-ақ түгендеу карточкалары деректерінің толықтығы мен дұрыстығы;

5) мүлікті өткізу бойынша аукциондар ұйымдастыру тәртібінің сақталуы;

6) мүлікті өткізуден алынған ақшаның бюджетке аударылуының толық және уақтылы болуы;

7) мәліметтердің уақтылы ұсынылуы және дұрыс болуы;

8) мүлікті жою тәртібі.

7. Бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай құжаттар беріледі:

1) есепке алынған мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актілерін есепке алу кітабы;

2) мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актілері;

3) мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісі бойынша есепке алынған мүліктің түгендеу карточкалары;

4) мүлікті өткізу жөніндегі аукционды ұйымдастырушылармен жасалған шарттар және осы шарттармен бірге ұсынылатын ақпарат;

5) мүлік жөнінде мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған мәліметтер.

4-тарау. Мемлекеттік мекемелерде бақылауды жүзеге асыру тәртібі

8. Мемлекеттік мекемелерде меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз мүліктің (заттай дәлелдемелерді қоса алғанда) не меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан, белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріске айналдырылған деп танылған заттың болуы, толық және уақтылы берілуі мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай мәселелер қамтылады:

1) мүліктің мемлекеттік мекемелерде іс жүзінде болуы;

2) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органға немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органға есепке алуға мүлікті толық және уақтылы беруі;

3) мүлікті мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органға немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органға беру кезінде мемлекеттік мекемелердің мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісін толық және уақтылы жасауы.

9. Бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай құжаттар беріледі:

1) заттай дәлелдемелерді есепке алу кітабы;

2) заттай дәлелдемелердің, соттағы құжаттардың түсуін және берілуін есепке алу кітабы;

3) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органға немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органға мүлікті қабылдау-беру актісі;

4) арнайы шоттар, шетел валютасындағы шоттар мен есеп айырысу кітаптары немесе карточкалары;

5) меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз мүлікке (заттай дәлелдемелерді қоса алғанда) не меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан, белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріске айналдырылған деп танылған затқа байланысты басқа да құжаттар.

5-тарау. Мүлікті сақтау және өткізу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мүлікті сақтау және өткізуге шарт жасасқан субъектілерді (жеке және заңды тұлғаларды, оның ішінде мемлекеттік органдарды) бақылауды жүзеге асыру тәртібі

10. Бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай мәселелер қамтылады:

1) мүлікті сақтауға қабылдаудың толықтығы мен оның сақталуы;

2) мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісінің толық және дұрыс жасалуы;

3) мүлікті өткізу бойынша аукциондарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібінің сақталуы;

4) мүлікті өткізуден түскен ақшаның бюджетке толық және уақтылы аударылуы.

11. Бақылауды жүзеге асыру үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) мүлікті сақтауға және өткізуге мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі органмен немесе коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органмен жасасқан құжаттар;

2) мүлікті өткізу бойынша хаттамалар;

3) мүлікке байланысты басқа да құжаттар.

6-тарау. Бақылауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қабылданатын шаралар

12. Бақылауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы Салық кодексінің 175-бабының 6-тармағына сәйкес бақылау актісін жасайды.

13. Мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану (оның ішінде беру) және өткізу, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мүлікті беру тәртібі мәселелері жөніндегі бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар болған кезде мемлекеттік кірістер органы Салық кодексінің 175-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талапты шығарады және оны тексерілетін субъектіге жібереді.

14. Тексерілетін субъект жүргізілген бақылаудың нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органына бұзушылықтардың жойылғаны және (немесе) бақылау нәтижелері бойынша анықталған мүлікті өткізуден түскен сомалардың өндіріліп алынғаны туралы күнтізбелік отыз күн ішінде жазбаша хабарлайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 сәуір №11-1-4/119 Астана қаласы

Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының есебі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есептен алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Қ.ӘБДІРАХМАНОВ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің
2018 жылғы 4 сәуірдегі №11-1-4/119 бұйрығына 1-қосымша

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 11-1-4/10 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16296 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетеді.

Құжаттарды қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматының паспортына жазылған жапсырма қағаз, есепке қою туралы анықтама (еркін нысанда жасалған) не Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) не оның өкілдікке өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынған заңды өкілінің өтінішінің болуы мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-қимылының) басталуына негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті берушінің Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды қабылдауы және тіркеуі – 1 (бір) жұмыс күн;

2-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарауы және тексеруі, қажетті деректерді «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – «Бүркіт» БАЖ) енгізуі – 1 (бір) жұмыс күн;

3-рәсім (іс-қимыл) – Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою Стандартқа 1-қосымшаға жапсырма қағазды, есепке қою туралы анықтаманы (еркін нысанда жасалған) ресімдеуі және беруі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы – 1 (бір) жұмыс күн.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің нәтижесі келесі рәсімдерді (іс-қимылды) орындаудың басталуына негіз болады:

1-рәсім (іс-қимыл) бойынша – өтініштің көшірмесіне құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қою;

2-рәсім (іс-қимыл) бойынша – Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою бойынша шешім;

3-рәсім (іс-қимыл) бойынша – Қазақстан Республикасы азаматының паспортына жазылған жапсырма қағазды бекіту, қосымша бетті тіркеу, есепке қою туралы анықтаманы (еркін нысанда жасалған) не Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібінде көрсетіледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам қатысады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады – 1 (бір) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам көрсетілетін қызметті алушының келіп түскен құжаттарын қарастырады және олардың Стандарттың 9-тармағына сәйкестігін тексереді, қажетті деректерді «Бүркіт» БАЖ-ға енгізеді – 1 (бір) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қосымша парақты, есепке қою туралы анықтаманы (еркін нысанда жасалған) ресімдейді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді – 1 (бір) жұмыс күн.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реті, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Көрсетілетін қызметті алушы
Көрсетілетін қызметті беруші лауазымды адам
Өтініш беру
Құжаттарды қабылдау, тіркеу (1 жұмыс күн)
Құжаттарды қарастыру және тексеру, қажетті деректерді «Бүркіт» БАЖ-ға енгізу (1 жұмыс күн)

(Жалғасы. Басы 12-бетте)

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кеш емес

Нысан

(ұйымның толық атауы)

(мың теңгемен)

р/с №	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаз түрі	Ұлттық сәйкестендіру немірі немесе халықаралық сәйкестендіру немірі	Бағалы қағаздардың саны		
					барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	
						ауыртпалық салынған бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде репоға берілген бағалы қағаздар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары						
1.1.							
…							
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары						
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары						
2.1.1.							
…							
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары						
2.2.1.							
…							
3	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары						
3.1.							
…							
